

**Кәбілдік-өткізгіш өнімдердің жекелеген түрлерінің импорты кезінде уақытша қорғаныштық баж және Қырғыз Республикасынан цемент импорты кезінде демпингке қарсы уақытша баж алудан түскен ақшаны депозиттен республикалық бюджетке енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 маусымдағы N 578 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының " Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы " 1998 жылғы 28 желтоқсандағы және " Демпингке қарсы шаралар туралы " 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті "Анықтауды бастау және жекелеген тауарлардың импорты кезінде уақытша қорғаныштық шараларды қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 тамыздағы N 1291 қаулысына сәйкес ТМД СЭҚ ТН 7614 10 000, 7614 90 000, 8544 59 100, 8544 59 800 кодтарына сәйкес келетін кәбілдік-өткізгіш өнімдердің жекелеген түрлерінің импорты кезінде уақытша қорғаныштық баж және "Қырғыз Республикасынан цемент импорты кезінде демпингке қарсы уақытша баж енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 620 қаулысына сәйкес ТМД СЭҚ ТН 2523 10 000 - 2523 90 900 кодтарына сәйкес келетін демпингке қарсы уақытша баж алудың нәтижесінде алынған ақшаны депозиттен республикалық бюджетке енгізсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің Хатшылығын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетін Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын шаралар туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК